

**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДА  
МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ АЛҒАН  
КӘСІПОРЫНДАРҒА ПРЕСС-ТУР  
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ**

---

- 
- 2015 жылдың 28 тамызында республикалық және облыстық бұқаралық ақпарат өкілдері «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау және дамытудың бірегей бағдарламасы аясында қолдау алған қызылордалық кәсіпорындарды аралады.





- Журналистер алдымен кілем тазалаумен айналысатын **«Ансарлар»** жеке кәсіпкерлігінің кәсіпорнына барды. Дәл осы күні аталған кәсіпорынның салтанатты ашылу рәсімі өтті. Кәсіпорынды 20 жасар студент Ғабиден Жақсылық басқарады. Несиеге алынған қаражатқа Ғабиден Түркиядан арнайы кілем жуатын құрылғы мен Газель автокөлігін сатып алды. «Даму» Қоры 70 пайызға кепілдеме беру арқылы кәсіпкерге 11,5 млн. теңге көлеміндегі несиені алуға мүмкіндік туғызды.







Мұнан кейінгі нысан - **жеке кәсіпкер Қ. Есдаулетовтың қонақ үйі** болды. Қонақ үй Қызылорда қаласының «Арай» мөлтек ауданында орналасқан. 2 қабатты қонақ үйдің жалпы көлемі 522 шаршы метр. Бірінші қабатында мейрамхана, екінші қабаты 10 жатын бөлмеден тұрады. Бағдарлама аясында кәсіпорын пайыздық мөлшерлеменен субсидия алды. Яғни банктің 14 пайызының 7 пайызы мемлекетпен өтелсе, қалған 7 пайызын кәсіпкер төлеуде. Сонымен қатар «Даму» Қоры несие алуға жеткіліксіз болған кепілмүлікке қосымша 25 пайызды құрайтын кепілдеме берді. Ағымдағы жылдың қыркүйек айында қонақ үйді ашу жоспарланып отыр. Кәсіпкердің жоспары жүзеге асса, 11 жаңа жұмыс орны құрылмақ.



- Тілшілер қауымы бас сұққан үшінші нысан – бұл «**Ran Medical**» ЖШС компаниясының **медициналық орталығы**. «**Vitamed**» медицина орталығы ағымдағы жылдың тамыз айында ашылған. Ғимарат көлемі 500 шаршы метр





Медицина орталығы Қызылорда қаласының тұрғындарына: неврологиялық, гинекологиялық, жүрек-тамыр ауруларының профилактикасы мен оларды емдеу, Есibe-9 аппаратында ультрадыбысты диагностика жасау, электрокардиографикалық зерттеу, барлық лабораториялық анализдер мен барлық процедуралық емдердің түрін жүргізеді. Аталған жобаны жүзеге асыру үшін «Ran Medical» ЖШС-гі «Қазақстан халық банк» АҚ арқылы несие алып, мемлекеттен пайыздық мөлшерлемені субсидиялау және кепілдеме түрінде қолдау алды.





- **Баспасөз сапарының қатысушылары құрама жем шығаратын «ЖанАрай Жем» ЖШС-нің зауытына соқпай өтпеді. Өйткені ЖШС жем шығару өндірісін қолға алып, облыс бойынша зауыт ашқан алғашқы компания. Зауыттың күнделікті жұмыс қуаты 80 тн дайын өнім шығаруға жетеді. Бүгінгі таңда зауытта 15 адам жұмыс жасайды, зауыт толық қуатына қосылғанда өндірісте 48-ге жуық жергілікті тұрғын тұрақты жұмысқа тұрады**



Зауыт аумағында сонымен қатар күнделікті қуаты 150 тн болатын күрішті өңдеумен айналысатын құрал-жабдықтар және шикізат пен дайын өнімді сақтайтын қойма, автотаразы, зертхана мен қаптама цехы орналасқан. Сондай-ақ, ұн тартатын диірмен мен макарон өнімдерін шығаратын желі де іске қосылған. Осы технологиялық желіден шыққан егін қалдығы мал және құс шаруашылығына қажетті жем өндірісіне қолданылады. Барлық құрал-жабдықтар Германиядан жеткізіліп, арнайы мамандардың қондырумен іске қосылған.





- «Жан-Арай Жем» ЖШС Құрама жем шығару өндірісімен айналысатын зауыт ашу» жобасын жүзеге асыру мақсатында «Бизнестің жол картасы 2020» мемлекеттік бағдарламасымен «Сбербанк Қазақстан» АҚ ДБ несиесі рәсімдеп, «Даму» Қорының екінші деңгейлі банк алдында 95 млн. теңге көлеміндегі кепілдемесін алған.



- Бағдарлама жүзеге асқаннан бері Қызылорда облысы бойынша «Даму» Қорымен кәсіпкерлердің **282 жобасы** бойынша субсидиялау келісім шарты жасалған және осы келісім аясында **2 058,40 млн.** теңге көлеміндегі субсидия кәсіпкерлерге төленген.
- Кәсіпкерлердің **86 жобасы** бойынша «Даму» Қорымен **1 267,52 млн. теңге** көлеміндегі кепілдемесі беріліп, **2 675,23 млн. теңгені** құрайтын несиені кәсіпкерлерге алуға мүмкіндік берген. Әрбір үшінші кепілдеме берілген жоба – бұл бастаушы кәсіпкердің жобасы. Бұл көрсеткіш облыста кәсіпкерліктің ашылуына өз септігін тигізіп жатқандығын көрсетеді.
- Республика бойынша жасалған кепілдеме шарты бойынша Қызылорда облысы 6-шы орында келеді. Субсидиялау және кепілдендіру құралдарын пайдалану арқылы кәсіпкерлер **7180** жұмыс орнын сақтап, **3626** жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік алды.